Ақбел ауылдық округінің жергілікті өзін-өзі басқару қоғамының
№ 1 хаттамасы

Ақбел ауылы. **06.01.2026жыл**

Өткен орыны: Ақбел ауылдық округі әкімшілігі.

Өткізілген уақыты: 11:00.

Қатысқандар: Ақбел ауылдық округі әкімі-Мырзабеков С.И., Жергілікті өзін-өзі басқару қоғамдастығы төрағасы-Молдабаев К.Г. және мүшелері Ауеспеков Г.Т., Майкенова Ш.К., Дуйсеков И.М., Добаров Т.Б., Козбагаров К-Х.Б., Капбасов А.М.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы "2001 жылғы 23қаңтардағы №148 ҚР Заңын іске асыру мақсатында Ақбел ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілді.Жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелері шақырылды.

Күн тәртібі бекітілді:

1.Елді-мекен көшелерін қыс мезгілінде күтіп ұстау.

Сөз сөйледі: Ақбел ауылдық округі әкімі Мырзабеков С.И.

Бүгін біз 013 бағдарламасы "Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде,ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бойынша мердігерді анықтауға жиналдық. Округ бойынша 2026 жылға елді-мекен (Ақбел, Алабас, Құрама ауылдары) жолдарын күтіп ұстауға 1 1898 000 теңге , оның ішінде 1 000 000 теңге қар шығару жұмыстарына бөлінді. Сонымен қатар көктмгі су тасқынына қарсы жұмыстар су ағарларды тазалау, тасқын суларды бұру, су өткізу сақиналарын тазалау жұмыстары кіреді. Округ бойынша жалпы тазаланатын ішкі жолдар - 7,3 км құрайды.

Молдабаев К.Г.-Өзін-өзі басқару қоғамдыстығы төрағасы: Елді-мекен көшелерін қыс мезгілінде күтіп ұстауға округ аумағында тіркелген және арнайы техникасы бар мердігермен жұмыс істеуіміз қажет. Бүгінгі күні округ бойынша бір погрузчик Құрама ауылында ЖК «Перизат», басшысы П.Ш.Тукеевада тіркелген және осы кәсіпкермен келісім-шарт жасауды ұсынамын.

Дүйсеков И.М.- Өзін-өзі басқару қоғамдыстығы мүшесі : Арнайы техника өз ауылымызда болғандықтан, осы кәсіпкермен жұмыс істеген дұрыс және қолдау қажет. Аталған кәсіпкер жұмысына халық оң бағасын беріп отыр, арыз-шағым түскен жоқ.

Молдабаев К.Г.-Өзін-өзі басқару қоғамдыстығы төрағасы: Аталған мәселе бойынша даусқа салуды ұсынамын.

- ия-7.

-қарсы- 0.

қалыс қалды-0.

Шешім: 013 бағдарламасы бойынша "Аудандықмаңызы бар қалаларда,кенттерде,ауылдарда,ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге" Құрама ауылында тіркелген және арнайы техникасы бар ЖК «Перизат» Тукеева П.Ш. қабылдансын.

Жергілікті өзін-өзі басқару қоғамдастығы төрағасы: **Молдабаев К.Г.**

Хатшы: **Майкенова Ш.К.**